

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «№ 74 ЖОББМ»КММ





Топ: Мектепалды даярлық 0 «А»

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.02 – 17.02. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 13.02	Сейсенбі 14.02	Сәрсенбі 15.02	Бейсенбі 16.02	Жұма 17.02
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Үстел үсті ойындары: Сәйкестендіру ойыны: «Көлеңкесін тап?» Мақсаты: Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту. Тиянақтылыққа және ұқыптылыққа үйрету. Әдістемелік нұсқаулар: Суреттерде бейнеленген аңдардың, басқа заттардың көлеңкелерін ажырату. Дұрыс екенін тексеріп, беттестіру. Ықтимал күрделендіру: Оларды атап айту, жүрісін көрсету. Ойынның нұсқаулары: Олардың айырмашылықтарын айтып	Сурет салу– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: «Үлкен заттарды тап» Мақсаты: көлем ұғымын түсіндіру. Заттарды көлеміне қарай ажыратуға үйрету. Әдістемелік нұсқаулар: суреттердің ішінен үлкен заттарды тауып, аттарын атап, түстерін ажырату. 	Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі (іс әрекет арқылы қимылды ойын) Ойын: «Мұнара құрастыр» Мақсаты: Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Әдістемелік нұсқаулар: Балалар екіге бөлінеді. Шашылған дөңгелектерді бір-бірінің үстіне қойып жинастыру қажет. Әр бала	Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Мозайка үстел үсті ойындары: Сәйкестендіру ойыны: «Мекенін тап» Мақсаты: Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін тереңдету. Жабайы аңдарды бір-бірінен ажырата білуге және оларды дұрыс атауға үйрету. Олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту. Әдістемелік нұсқаулар: Балалар әрқайсысын оларды мекеніне орналастырып сәйкестендіру. Ықтимал күрделендіру: Оларды атап айту, жүрісін	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Еңбек ойыны : «Гүлдерді күтеміз» Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді. Әдістемелік нұсқаулар: гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін

	өту, түсіндіру.  		бір дөңгелектен салып отыру керек. Орнымызға отырып көзімізге арналған жаттығу жасап жіберейік.   	көрсету. Ойынның нұсқаулары: Олардың айырмашылықтарын айтып өту, түсіндіру.  	үйдің қасына кою , суреттер бойынша әңгімелету. 
Танертенгі жаттығу	№ 1 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 1 жиынтық Жалпы дамыту жаттығулары(құралсыз) I. Негізгі бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.	№ 1 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 1 жиынтық Жалпы дамыту жаттығулары(құралсыз) I. Негізгі бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа	№ 2 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 2 жиынтық Жалпы дамыту жаттығулары(құралсыз) I. Негізгі бөлім: Бір сапқа тұру, саппен	№ 3 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 3 жиынтық Жалпы дамыту жаттығулары I. Негізгі бөлім:	№ 4 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 4 жиынтық Жалпы дамыту жаттығулары (орамалмен) I. Негізгі бөлім: Бір саппен жүру. Тәрбиешінің белгісімен екі

	Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. «Достар» - жұптасып жүру . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау Б.қ.: «Көбелек қонды» Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. /6 рет қайталау/ Б. қ.: «Жыланның қозғалысы» Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /6 рет қайталау/ Б.қ.: «Қайшы» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау. /6 рет қайталау./ Б. қ.: «Жұлдызша» Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет қайталау/ Қорытынды: Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру.	тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүру. Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Б. қ: «Ара ұшты» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иірту. «з-з-з» деп айту. /5 рет қайталау/ Б. қ.: «Айдаһардың құйрығы» Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 6 рет қайталау/ Б.қ. : «Қайшы» Аяқтары алшақ қойылған , Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 6 рет қайталау/ Б. қ.: «Қоян қашты» Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/ Шеңбер бойымен жүру	жүріп және жүгіру. Педагогтың бұйрығы бойынша тоқтау. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру. II. Жалпы дамыту жаттығулары 1.Б.қ. Тік тұру,қол белде. Қолды желкеге қойып басымызды артқа шалқайту, оң аяқты артқа аяқ ұшымен қою.Орнына келу. Сол аяқпен қайталау. 5-6 рет. 2. Б.қ. Аяқ алшақ,қол белде. Оңға бұрылу,оң қолды жанға созу. Орнына келу,сол жаққа келу. 6 рет 3. Б.қ. Тізеге тұру,қол екі жанда. Оң аяқпен алға қою,пружинше қозғалу. Орнына келу,сол аяқпен қайталау. 5-6 рет. 4. Б.қ. Тізеге тұру, қол белде. Бір,екі оң жақ жанбасқа отыру, қолды алға созу. Үш,төрт орнына келу. Сол жаққа қайталау.6 рет 5. Б.қ. Тік тұру, қол екі жанда,қос аяқтап секіру. 4 – 5 рет III. Тыныс алу жаттығулары. Жәй жүріп аузын ашып демалып, мұрынмен шығару. Уф-уф-уф	Бір саппен жүру, жүгіру. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру. Үш топқа бөліну. II. Жалпы дамыту жаттығулары 1. Б.қ. Тік тұру, қол белде. Оң жаққа аттау, қолды екі жанмен жоғары көтеру. Орнына келу, сол жаққа қайталау. 5 – 6 рет 2. Б.қ. Аяқ алшақ, қол белде. Оңға иілу, сол қолды желкеге қою. Орнына келу, сол жаққа қайталау. 5 – 6 рет 3. Б.қ. Тік тұру, қол белде. Бір,екі отыру,қолды алға созу. Үш, төрт орнына келу.5-6 рет 4. Б.қ. Отыру, аяқ бірге,қол артта тіреулі. Аяқты алға тіке созу «бұрыш». Орнына келу. 5 – 6 рет 5. Б.қ. Шалқасына жату,қол желкеде. Оң аяқты тіке көтеру, оң қолмен аяқ ұшына тигізу,орнына келу. Сол аяқпен қайталау. 5 – 6 рет. 6. Б.қ. Тік тұру, қол белде. 1 – 3 сол аяқ, 4 – 6 оң жақ аяқпен секіру. III. Тыныс алу жаттығулары Жәй жүру. Тыныс алу жаттығулары үлкен болып өсеміз қолды жоғары созып,демді ішке алып, уф деп сыртқа шығару.	сапқа жүргізу, шашырап жүгіру,бір саппен жүру. II. Жалпы даму жаттығулары 1. Б.қ. Тік тұру Орамалды екі қолмен ұстап, 1-дегенде жоғары көтеріп басымызды шалқайтамыз, 2-бастапқы қалып,3-дегенде орамалды жоғары көтеріп басымызды шалқайтамыз , 4-б.қ келу. 4-5рет 2. Б.қ.қолымыз алдымызда,1-оң жаққа бұрылу, 2-б.қ келу, 3-сол жаққа бұрылу, 4-б.қ келу. 4-5 рет. 3.Б.қ орамалды қолымызға ұстап,аяқты алшақ қойып алға еңкейіп аяқ ұшына орамалды тигізу. 4.Б.қ. аяғымыз қосамыз,екі қолға орамалды ұстап алға созу, 1-тізімізді бүгіп отыру, 2-б.қ келу 4-5рет 5.Орамалды төменге түсіріп бір орыннан секіру..5-6 рет III. Тыныс алу жаттығулары Саппен жай жүру,тыныс алу жолдарына жаттығу. «Сағат»-тырс-тырс
--	---	--	--	--	---

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
09.00 11.50 ҮІӨ	09.00-09.30 09.40-10.10 10.40-11.10 11.20-11.50	13.02.23 Дүйсенбі Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	14.02.23 Сейсенбі Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Мүсіндеу Музыка	15.02.23 Сәрсенбі Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	16.02.23 Бейсенбі Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	17.02.23 Жұма Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. 10:10-10:40		Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.30						
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару. ҮІӨ мақсаты: Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: арапайым мысалдар мен есептерді құрастыруды, шығаруды; жазба жасауды;	1. Сауат ашу негіздері–коммуникативтік,таным-дық әрекет Тақырыбы: Сөйлем құрау. ҮІӨ мақсаты: «Сөйлем», «Сөйлемнің сызбасы» деген ұғымдарды бекіту. Дағды: Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөйлемді жалғастырады, сурет мазмұнына байланысты сөйлем құрайды. Түсінеді: сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді. Қолданады: сөздердің жалпы атауын атайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Дыбыстармен	1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару. ҮІӨ мақсаты: Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: арапайым мысалдар мен есептерді құрастыруды, шығаруды; жазба жасауды;	1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Шартты өлшем. ҮІӨ мақсаты: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Дағды: Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), және оған тең заттарды табуды үйрету. Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар шығаруға дағдыландыру. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: заттың ұзындығын өлшеуді, «ұзынырақ», «қысқарақ»,	1. Сауат ашу негіздері–коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау. ҮІӨ мақсаты: дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. Дағды: Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: Дыбыстық талдау жасайды, сөйлем құрайды. Түсінеді: дыбыстық талдау тәсілін. Қолданады: дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Түсіне кара»дидактикалық ойыны	

	Түсінеді: сандар мен таңбалардың көмегімен жазуды; Қолданады: есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды, қағаз бетінде Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс. Практикалық жұмыс ұсынылады. Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді. Түсіну: Демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді. Білу: Жұмбақты есеп. Қос-қосынан көп шар бар, Қызыл,сары,көк шар бар, Жасыл сұры тағы бар... Жалпы санын табыңдар. Қорабымның сыры бар, Сана,қанша қыры бар? Сана барлық жақтауын: Санын білсең мақтармын. Дастарқанда торта бар, Қазы,жая,карта бар, Көкөніс пен шырын бар. Қанша тағам түрі бар?	жұмыс:«Тиісті түсті көрсет»дидактикалық ойыны. а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек. Білу: «Сөз айт, тез айт»дидактикалық ойыны. Үш топқа бөлемін.Бірінші топқа дауысты дыбыстардан басталатын сөздер, екінші топқа қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын, үшінші топқа ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Жалауша арқылы ойын соңында жеңімпаз команда анықталады. Мысалы: дауысты дыбыстардан басталатын сөздер: алма, ана, арна, ай, алқа, ауыз, орындық, от, Омар, он, оң, ол, ыдыс, ымырт,ірімшік, ілгіш, үтік, үй, үйшік, үлкен, өрмекиі, өшіргіш, уық, уыз т.б. Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер: қаймақ, қалта, қазан, қоңыз, қора, қап, қатық, құй, қасқыр, қоқыс, таң, ферма, шаш, сабын, хат, циркуль, щетка, картон, парта, сағыз т.б. Ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер: бақа, вагон, гараж, гарыш, доп, жаңбыр, зәкір, лақ, мақта, нағашы, радио, суық, гүл, балық, май, литр, жұлдызқұрт, жұдырық, жұмыртқа, дақ, Дана т.б.	Түсінеді: сандар мен таңбалардың көмегімен жазуды; Қолданады: есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды, қағаз бетінде Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс. Практикалық жұмыс ұсынылады. Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді. Түсіну: Демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді. Білу: Жұмбақты есеп. Қос-қосынан көп шар бар, Қызыл,сары,көк шар бар, Жасыл сұры тағы бар... Жалпы санын табыңдар. Қорабымның сыры бар, Сана,қанша қыры бар? Сана барлық жақтауын: Санын білсең мақтармын. Дастарқанда торта бар, Қазы,жая,карта бар, Көкөніс пен шырын бар. Қанша тағам түрі бар?	«өлшем» сөздерін айтуды; Түсінеді: өлшемнің көмегімен ұзындықты (ені, биіктігі) қалай өлшеуге болатынын; Қолданады: бір-бірінің үстіне салуды, бір-біріне жақындату тәсілдерін, өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу білігін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс. Практикалық жұмыс ұсынылады. Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді. Түсіну: Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады. Қолдану:Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер. Таспалардың қайсысы ұзынырақ? Неліктен қызыл таспа ұзынырақ? Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең? Көк таспа неше шартты өлшемге тең?	Көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, цирк, чек т.б.</i> Көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>вагон, балық гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір т.б.</i> Көк түсті үшбұрышты көрсетіп, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, рауғаш, лалагүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.</i> Қолдану: «Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта»дидактикалық жаттығуы Білу: «Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта»дидактикалық жаттығуы —Мен айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер.
--	--	--	--	--	---

	Наным дайын қалаған: Тоқаш, шелпек, таба нан, Жаппа, бөлек, самса тұр: Санап көрші, қанша тұр? [19] Жұмбақты тыңдайды, жауабын табады.	Қолдану: «Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны . – Балалар, мен сөйлемнің басын бастап айтамын, сендер мағынасына қарай аяқтайсыңдар. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: <table><tr><td>Педагог:</td><td>Балалар:</td></tr><tr><td><i>Балалар бақта</i></td><td><i>жүгірді.</i></td></tr><tr><td><i>Атам шалғымен</i></td><td><i>шөп шапты.</i></td></tr><tr><td><i>Анам сиыр</i></td><td><i>сауды.</i></td></tr><tr><td><i>Ағаштың түбі –</i></td><td><i>қалың қар.</i></td></tr><tr><td><i>Аю қыста</i></td><td><i>ұйықтайды.</i></td></tr><tr><td><i>Малдар жайлауда</i></td><td><i>жайылды.</i></td></tr><tr><td><i>Балалар доп</i></td><td><i>ойнады.</i></td></tr><tr><td><i>Үсен мәшинені</i></td><td><i>жуды.</i></td></tr></table>	Педагог:	Балалар:	<i>Балалар бақта</i>	<i>жүгірді.</i>	<i>Атам шалғымен</i>	<i>шөп шапты.</i>	<i>Анам сиыр</i>	<i>сауды.</i>	<i>Ағаштың түбі –</i>	<i>қалың қар.</i>	<i>Аю қыста</i>	<i>ұйықтайды.</i>	<i>Малдар жайлауда</i>	<i>жайылды.</i>	<i>Балалар доп</i>	<i>ойнады.</i>	<i>Үсен мәшинені</i>	<i>жуды.</i>	Наным дайын қалаған: Тоқаш, шелпек, таба нан, Жаппа, бөлек, самса тұр: Санап көрші, қанша тұр? [19] Жұмбақты тыңдайды, жауабын табады.	Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе? Білу: «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу, көлбеу және толқынды сызықтарды салады.	-р- (<i>ара, арман, арық, рақмет, сиыр, сырмақ, қоңыр, қарға, қарлығаш, қарт, қырғыз, қырыққабат</i> т.б.); -ә- (<i>әтеш, әткеншек, әңгіме, Әмір, тәтті, тәкәпар, тәрелке</i> т.б.); -м- (<i>мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншақ, Әмина, мысық, том, әмір, темір, жемір</i> т.б.). Кесе сөзіне дыбыстық талдау жасайды. Кесе сөзінде 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар. К – қатаң дауыссыз дыбыс. Е – жіңішке дауысты дыбыс. С – қатаң дауыссыз дыбыс. Е – жіңішке дауысты дыбыс. Асық сөзіне дыбыстық талдау жасайды. 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс. А – жуан дауысты дыбыс. С – қатаң дауыссыз дыбыс. Ы – жуан дауысты дыбыс. Қ – қатаң дауыссыз дыбыс.
Педагог:	Балалар:																						
<i>Балалар бақта</i>	<i>жүгірді.</i>																						
<i>Атам шалғымен</i>	<i>шөп шапты.</i>																						
<i>Анам сиыр</i>	<i>сауды.</i>																						
<i>Ағаштың түбі –</i>	<i>қалың қар.</i>																						
<i>Аю қыста</i>	<i>ұйықтайды.</i>																						
<i>Малдар жайлауда</i>	<i>жайылды.</i>																						
<i>Балалар доп</i>	<i>ойнады.</i>																						
<i>Үсен мәшинені</i>	<i>жуды.</i>																						

І үзіліс - 09:30 - 09:40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Сюжетті - рөлді ойын: «Сақтау қызметі»

Басты мақсат: Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары, олардың күтпеген жағдай туғанда қажеттілігі жайында түсінігін молайту. Балалардың сөйлеу тілін дамыту белсенділік дағдыларын қалыптастыру.

Артикуляциялық аппаратты тілдік жаттығулар

Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.

Міндеттері:

- балалардың сөздік қорын молайту;
- үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру;
- балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айтқызу;
- заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінің қандай екенін қайталау;
- үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;

Дағды: балалардың еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін, зейіндерін дамыту, үйренген дыбыстарды дұрыс айтуға, артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру;

1 кезең Дыбыстар  Бұл паровоз. Оң үйдекі у...у...у  Бала жылайды: а...а...а...  Бала аң салады: о...о...о... 4 кезең Сөзден сөйлем құрау Зат есім + етістік  Су ішу.  Тамақ жеу.  Доп бер.	2 кезең Буындар  Ит үреді гаф...гаф...гаф..  Әгеш шақырады ку...ка...ри...ку  Сұыр мөңірейді муу...муу...муу. 5 кезең Бірнеше сөзден сөйлем құра білу қабілетін қалыптастыру және бекіту.    Аю жемісті жуды. Аю жемісті жеді. Аю жемісті тауысты. Аюдың тісі ауырды	3 кезең Буыннан сөз құрау  Бұл су мәссу...су...су.  Бұл үй үтүб...үй..  Сұыр мөңірейді муу...муу...муу.
---	---	--

Өрт сөндіруші



Сюжеті-рөлдік ойын: «Сақтау қызметі»

Тақырыбы : «Сақтау қызметі»

Мақсаты : Әлуметтік шығармашылық орта қалыптастыру ,ойынын сюжетіне байланысты топтарға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру .Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары,олардың күтпеген жағдай туғанда қажетілігі жайында түсінігін молайту .Балалардың сөйлеу тілін дамыту .

Жағдаят: Дабыл бойынша шақыру;

Жағдай болған жерді қарап,сақтау қызметкерлерін бірнеше топтарға бөлу;

Арнайы техникалық құрал жабдықты пайдалану;

Жазғырылғандарды құтқару Алғашы медециналық көмек көрсету ;

Жағдай болған жерге керекті жабдықтарды жеткізу ;

Тәрбиешінің іс-әрекеті: ТЖМ басшысы рөлінде жағдай болған жерге шығар алдында арнайы құрал-жабдықты естеріне түсіртіп,арнайы үйретілген иттермен бағыттаушыларды,жедел жәрдемді шақырады

Балалардың іс-әректі: Сақтау қызметі диспетчер сызба бойынша жағдай боған жерде жанатын қызыл оттшаларды бақылап ,желі бойынша , қандай сақтау қыдметінің жұмыс атқаратынын қадағалайды ТЖМ әр түрлі жағдайдада ,әр уақыта ауа райы болжамына да қарамай қызмет көрсетеді,адамдарды табу үшін иттермен жұмыс істейді .

Арнайы техника жүргізушісі зардап шеккендері тамақ .киімен қамтамасыз етеді .Өрттен сақтандыру қызметі өртті болдырмайды .Жедел жәрдем науқастын шақыру бойынша қызмет көрсетеді

Фотоға түсірушілер ТЖМ мен жағдай болған жерді фотоға түсіреді.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті		уақыты: 09.40 – 10.10	
2.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы. ҮІӨ мақсаты: Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру. Дағды: Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: бір-біріне жақсы тілектер айтып бойтұмар сыйлайды, келген қонаққа сұрақтар қояды, өлең жолдарындағы мамандықтарды санап айтады, өз ата-аналарының мамандықтары туралы айтып береді, шығармашылық әңгіме құрайды; Түсінеді:әр алуан мамандықтар бар екенін, бәрі де қажет екенін; Қолданады:әр мамандық иесіне қажетті затты тауып, орнына қояды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,қолдану. Білу: Сөздік жұмыс: Қынап – қылыш, пышақ салатын қорап. Жарықты жағатын бала – электрик. Түсіну: Тосын сый. Аспаз: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендердің денсаулықтарың жақсы болсын деп,дәрумендер әкелдім. (Дәрумендерді балаларға	2.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Ауа не үшін қажет? ҮІӨ мақсаты: Балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Дағды: Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ауа – негізгі тіршілік көзінің бірі екенін айтады. Түсінеді:ауаның тіршілік үшін маңызын түсінеді. Қолданады:тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Балалар ауаның адамдарға да, жануарлар мен өсімдіктерге де тіршілік ету үшін өте қажеттігін дәлелдейді. Ауа таза болуы үшін не істеу керектігі туралы болжамдарын айтады (ағаш егу қажет, терезелерді ашып, бөлмелердің ауасын жаңартып тұру керек, қоқыс тастамау қажет, көліктер мен зауыт-фабрикалардан шығатын	2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Әже(өленді жаттау)Әбубәкір Қайранов ҮІӨ мақсаты: Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін бекіту. Өлендегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлендегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Дағды: Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: әженің қамқорлығын, мейірімділігін, тәрбиесін түсінеді; Қолданады: әңгімелесу барысында әже туралы айтып береді, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Әже туралы сөздерді есіне сақтайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: <i>Есіңе сақта:</i> «Асыл әжем, қуанышым берекем, Өнегенің өрісі де сен екен». Түсіну: <i>Сөздік жұмыс:</i> <i>Кимешек, жаулық</i> – әжелер киетін баскиім. Білу: -Әже қандай адам? -Өлең кімге арналған?	2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Менің анам. ҮІӨ мақсаты: Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауды үйрету. Ана туралы өз ойларын айтқызу. Дағды: Ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту өз аналары туралы әңгіме құрауға дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: өз аналарын суреттеу арқылы Түсінеді:өленде кім туралы айтылғанын түсінді; Қолданады: мақалды үш дауыста айтуды, тапқакты тез жаттап алуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,қолдану. Білу: Құшағына кіргенде, Жылынамын бір демде.Не жетеді көзіңе, Мейірімді күннен де. Үн қатасың бал тілмен, Еркелеймін әр күн мен. <i>(Н.Айтмов)</i> Ана! Бұл сөз жер бетіндегі әр елде бар. Ол – көркем, сүйкімді әрі ұлы сөз. Әрқайсымыздың да анамыз бар, дұрыс емес пе? Түсіну: Сөздік жұмыс: Үн қатасың – тіл қатасың, сөйлейді мағынасында. Мақал-мәтелдер: «Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал». «Ана»

	таратады.) Енді аспаз апайдан тамақты дәмдеу үшін қандай көгөністер қосатынын сұрайық. Аспазшы тағамға сәбіз, картоп, жуа, асқабақ қосатынын айтады. (аспазшы дәмді тағам дайындауға кетеді) Балалар, аспаз бізге дәмді тағамдар пісіреді екен, ол бізге өте қажет адам. Сендер басқақандай мамандықтарды білесіңдер? Көптеген мамандық иелерін біледі екенсіңдер, бұл мамандықтардың бәрі адам баласына қажет. Қолдану: Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» Ойын шарты: Әртүрлі мамандық иелеріне қандай құрал қажет, жапсырмалар орнын тауыпжабыстырады.	зиянды газдарды азайту керек). Қолдану: Топтағы тәрбиеленушілерді тәжірибеалдық жұмыстарға тарта отырып, тану үдерісін ұйымдастырады. Адамдардың ішінде ауа бар-жоғын зерттеуге шақырады. Балалар әліппедәптердегі суретті негізге ала отырып тәжірибе жасайды. Әр баланың алдында стақан мен түтікше тұр. Балалар түтікшені суға салып үрлейді, көпіршік шығады. Көпіршіктер дегеніміз – біздің ішіміздегі ауа. Біз түтікшені үрлеген кезде ішіміздегі ауа көпіршік болып шығады. Бірақ, тағы да үрлеу үшін біз тағы да ауа жұтып аламыз. Содан соң түтікшені үрлеген кезде, суда көпіршіктер пайда болады. Полиэтилен қалташаны аламыз. Ішінде ештеңе жоқ, бос. Оны бірнеше рет бүктейды. Бос. Содан соң ішіне ауа толтырып, айналдырады. Қалтамызға не болды? Шынымен де, ішіне ауа толтырылған қалтаның пішіні өзгеріп шыға келді. Ол неге ұқсайды? Енді қалтаны шешіп, ішіндегі ауаны шығарамыз. Ол қайтадан босап қалды. Не өзгерді? Себебі, қалта қайтадан босады. Балалар осыған қатысты пікірлерін білдіреді. Ауаны көзбен көруге бола ма деген сұрақтың жауабын табу мақсатында тәжірибе жұмысын ұйымдастырады. Галқылайды, тіршілік ету үшін ауа өте қажет деген қорытынды жасайды. Білу: Балаларды ауаны сезінуге шақырады. Паракты алып, оны	-Өлең кімге арналған? -Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің? Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді. Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді. Кимешегін, жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен.	сөзіне дыбыстық талдау жасау. А – жуан дауысты. Н – үнді дауыссыз. А – жуан дауысты. Қолдану: «Менің анам» тақырыбына әңгіме құрау. Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық». Анасына таңдаған әшекейді түрлітүсті қаламмен бояйды. Әшекей бұйымды қай жерге тағатыны, қалай аталатыны туралы айтып береді.	-Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің? Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді. Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді. Кимешегін, жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен. Қолдану: Сергіту сәті: Біз балдырған баламыз, (өздерін көрсетеді) Өсіп-өніп толамыз. (екі қолын жоғары-төмен қозғайды) Күнге қарай талпынып, (бәрі Күнге қарсы қолын маңдайға қояды) Көкке қолды созамыз. (екі қолды алға созады) Қанат қағып ұшамыз, (екі қолмен қанат қағатын қимыл көрсетеді) Қарлығаштай самғаймыз. (самғап ұшуды бейнелейді)
--	--	--	---	---	--

жиырады. Бетіне апарып,
желпиді. Жеңіл, салқын ауа
сезіледі.

2 үзіліс – 10:10 – 10:40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары


Басты мақсат: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.

«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»

Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.

Көрнекіліктер: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.

Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.



Ойын: «Жер, су, ауа»

Ойын мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.

Дағды: Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.

Ойын шарты: Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып «Жер» деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде ұшақ түрлерін, құстардың аттарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.

Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады.

«Ауа» дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, «Су» дегенде қолдарын алға созып жүзеді, «От» дегенде қолдарын былғайды, «Жер» дегенде қолдарын төмен түсіреді.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті		уақыты: 10.40 – 11.10		
3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Нан қайдан келеді? ҮІӨ мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету. Дағды: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауды үйрету және диалогке қатысып, ауызекі сөйлеу тілдерін жаттықтыру. Тақпақты тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ертегі кейіпкерлерін және олардың іс-әрекеттерің атайды, тақпақта таныс сөздерді табады, диалогке қатысады. Түсінеді: нан дастарқанға келу үшін көп еңбек керек екенін түсінеді; Қолданады: сөздерді байланыстырып сөйлейді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев) ертегісін иллюстрациялар көрсетіле отырып, ертегі оқылады. Мынау кім? Мынау – сатушы. Сатушы не істейді? Сатушы нан сатады. Мынау кім? Мынау – наубайшы.	3. Сурет салу– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Тақырыбы : Қуыршақтың қамзолы. <i>(Акварель бояу)</i> ҮІӨ мақсаты: Балалардың ұлттық киімдер жайында білімдерін арттыру; нұсқау бойынша қамзолды безендіруді үйрету; Дағды: қазақ оюларының элементтерімен қамзолды әшекейлеу, түстердің үйлесіміне құрылылған тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, сурет салу іскерлік-дағдыларын меңгерту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: қамзолдың суретін сала алады; Түсінеді: ұлттық киімдер жайында мағлұматты, қамзолдың қай мезгілде киілетінін, кімдер киетінін, оларды қандай материалдардан тіккен дұрыс болатындығын түсінеді; Қолданады: қамзолды сала білу іскерлік-дағдыларын қолданады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: – Балалар, қандай ою-өрнектерді білесіңдер? Менің қуыршағым әдемі қамзол керек еді, балалар,	3. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Ойнай отырып оқимыз. ҮІӨ мақсаты: сөйлем құру және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын бекіту. Дағды: Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөйлем құрайды, сызбасын сызады, сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөйлемнің сөзден тұратынын түсінеді. Қолданады: тақырыпқа байланысты сөздерді дұрыс қолданады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт» (Педагог суреттерді көрсетеді). Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суреттегі заттың атын атап, бірінші дыбысын анықтап айтасындар. Екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды. Мысалы: апельсин (а), октау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), эткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), әтеш(ә), т.б. Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттындар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда	3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Үй жануарлары. ҮІӨ мақсаты: үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын қазақша айтқызып үйрету; сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру, мәтінді мұқият тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білуге жаттықтыру. Дағды: Ойлау қабілеттерін дамыту, сөздегі қазақ тіліне тән «ф» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: үй жануарлары мен төлдерін атайды, үй жануарлары мен төлдерін топтай алады, «ф» дыбысын дұрыс айтып жаттығады. Түсінеді: жануарларды қалай шақыруға болатынын түсінеді. Қолданады: зейін қойып тыңдайды, таныс сөздерді мәтіннен таба алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Мәтін оқу. «Адам жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда	3. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Ауа не үшін қажет? ҮІӨ мақсаты: Балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Дағды: Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ауа – негізгі тіршілік көзінің бірі екенін айтады. Түсінеді: ауаның тіршілік үшін маңызын түсінеді. Қолданады: тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Балалар ауаның адамдарға да, жануарлар мен өсімдіктерге де тіршілік ету үшін өте қажеттігін дәлелдейді. Ауа таза болуы үшін не істеу керектігі туралы болжамдарын айтады (ағаш егу қажет,

	Наубайшы нан пісіреді. Наубайшы не пісіреді? Наубайшы нан пісіреді. Мынау не? Мынау – бидай. Мынау – диірменші. Мынау кім? Мынау – диірменші. Диірменші бидайдан ұн жасайды. Диірменші бидайдан не жасайды? Диірменші бидайдан ұн жасайды. Мынау не? Мынау – ұн. Мынау кім? Мынау – егінші. Егінші не істейді? Егінші егін егеді. Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады) I-i-i-i – егінші – егінші I-i-i-i – диірменші – диірменші. Білу: Қанатты сөз. Ас атасы – нан, Нан атасы – дән. –Қандай тыйым сөз білесіндер? –Нанды баспа, ақты төкпе. Дидактикалық ойын: «Мен 5 тағам білемін». Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, ойлауға дағдыландыру. Шарты: Допты жерге ұрған сайын бір сөз айтады. Балалар білетін тағамдарын айтады. Поэзиялық сәт: Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп,	сендер менің қуыршағыма әдемі қамзол жасап бере аласыңдар ма? Педагог балаларға қамзолдың жеке суретін көрсетіп, балалармен бірге Әйгерімге де оның ерекшеліктерін сипаттап айтып береді. Бәрі үлгіге мұқият қарап, сурет салу әдіс-тәсілдерін естеріне түсіреді. Педагог ою-өрнектерді салу жолдарын көрсетеді. «Ботамойын» өрнегін салғанда бір нүктеден бастап қолды үзбей екінші бөлігіне дейін сызып салуды, «қошқармүйіз» өрнегін салған кезде симметрияны сақтау жолдарын көрсетеді.	кедергіге ұшырамайды. Қатаң дауыссыз дыбыстарға сөздер: пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (қ), тышқан (т), шымшық (ш), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетк (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с)т.б. Түсіну: «Сөзді өлшейміз»дидактикалық жаттығуы – Алақандарынды үстелге қойыңдар. Сөз айта бастағанда алақанды бір-бірінен алшақтата беріңдер. Егер алақандардың арасы жақын болса, онда сөздің қысқа болғаны, егер алыс болса, онда сөз ұзын болғаны. Мына сөздерді өлшейік: <i>дос, бейбітшілік.</i> Білу: Дыбыстық талдау жаса. «Арба» сөзіне дыбыстық талдау. «Арба» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. «Шана» сөзіне дыбыстық талдау. «Шана» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Н – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.	келтіреді. Жылқы – көлік, оны арба мен шанаға жегеді. Жылқының сүтін ашытып, қымыз жасайды. Қымыз –сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім жәнетағы да басқа тұрмыстық заттар жасалады». Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ұ-ұ-ұ-ұ- құлын-құлын – құлынҰ-ұ-ұ-ұ – бұзау – бұзау - бұзау Түсіну: Ұй жануарларын қалай шақыратыны туралы айтылады, балалар айтып жаттығады. Қойды «пұшайт-пұшайт», – деп шақырады. Жылқы – құрау-құрау Сиыр – аухау-аухау Ешкі – шөре-шөре Түйе – көс-көс	терезелерді ашып, бөлмелердің ауасын жаңартып тұру керек, қоқыс тастамау қажет, көліктер мен зауыт-фабрикалардан шығатын зиянды газдарды азайту керек). Қолдану: Топтағы тәрбиеленушілерді тәжірибеалдық жұмыстарға тарта отырып, тану үдерісін ұйымдастырады. Адамдардың ішінде ауа бар-жоғын зерттеуге шақырады. Балалар әліппедәптердегі суретті негізге ала отырып тәжірибе жасайды. Әр баланың алдында стақан мен түтікше тұр. Балалар түтікшені суға салып үрлейді, көпіршік шығады. Көпіршіктер дегеніміз – біздің ішіміздегі ауа. Біз түтікшені үрлеген кезде ішіміздегі ауа көпіршік болып шығады. Бірақ, тағы да үрлеу үшін біз тағы да ауа жұтып аламыз. Содан соң түтікшені үрлеген кезде, суда көпіршіктер пайда болады. Полиэтилен қалташаны аламыз. Ішінде ештеңе жоқ, бос. Оны бірнеше рет бүктейды. Бос. Содан соң ішіне ауа толтырып, айналдырады. Қалтамызға не болды? Шынымен де, ішіне ауа толтырылған қалтаның пішіні өзгеріп шыға келді. Ол неге ұқсайды? Енді қалтаны шешіп, ішіндегі ауаны шығарамыз. Ол қайтадан босап қалды. Не өзгерді? Себебі, қалта қайтадан босады. Балалар осыған қатысты пікірлерін білдіреді.
--	---	--	--	--	---

	Торғайларға тастандар. (Ө. Тұрманжанов)				Ауаны көзбен көруге бола ма деген сұрақтың жауабын табу мақсатында тәжірибе жұмысын ұйымдастырады.Талқылайды, тіршілік ету үшін ауа өте қажет деген қорытынды жасайды. Білу: Балаларды ауаны сезінуге шақырады.Парақты алып, оны жиырады. Бетіне апарып, желпиді. Жеңіл, салқын ауа сезіледі.
3 үзіліс – 11:10 – 11:20 Балалардың дербес іс-әрекеті Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.					
Сюжеті-рөлдік ойын: «Билайн бірлестігі» Мақсаты: Балаларды өздері рөлдерді бөлініп, рөл бойынша әрекет етуге үйрету. Ойында әлеуметтік шындықты, қоғамдық жерлерде мәдениеттілікті, ұжымдық әдепті, сөйлеу әдебін көрсету, топтық жұмысқа еніп, өзіне керекті жақтарды таба біліп, тапсырмаларды орындау сапасын бағалауға үйретіп, бірлестік дағдыларын қалыптастыру. Жағдаят: Байланыс операторының жұмысы; Телефондар және басқа да байланыс құралдарын сату менеджерінің жұмысы; Жөндеу шеберханасы; Қызметті төлеу; Анықтама қызметі Келушілерді шақырудың электрондық жүйесі. Тәрбиешінің іс-әрекеті: Келуші ролінде сюжетті ұйымдстыруға көмектеседі, телефондарды қайда жөндеуге болатынын сұрайды, ақшаны шотқа қалай салатынын, қызметті қайда төлеуге болатынын, жаңа телефондарды қашан сталымға түсетінін сұрайды және т.б. Келушілерді шақырудың электрондық жүйесін ұйымдстыруға көмектеседі. Балалардың іс-әректі: Анықтамалық қызметі телефондарды, сатып алу бөлімдерін жарнамалайды, жарнамалық проспектілерді үлестіріп, журналдарды		Сюжеті-рөлдік ойын: «Жылжымалы мүлік агентігі» Мақсаты: Ойында бірнеше іс-әрекетті логикалық байланыстыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру, өздері рөлдерге бөлініп сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету. Балалардың қоршаған орта туралы түсініктерін әлуметтік,ортадағы белсенділіктерін кеңейту ,жылжымалы мүлік агентігі туралы білімдерін бекіту,ересектер тарапынан болатын әр-түрлі ұстанымдар мүмкіндігін көрсету. Жағдаят: Жарнамамен таныстыру ; Жылжымалы мүлікті тандау;Жылжымалы мүліктің орналасу жерін талқылау ;Безендіру мен жоспарлаудың ерекшелігіне тоқталуКелісім сөзді хаттау ;Сатып алымға ақша төлеу Құжаттарды хаттау . Тәрбиешінің іс-әрекеті: Сатып алушы ролінде менеджермен сөйлесу үлгісін көрсетеді : Пәтерде неше бөлме болу керек,қандай қабатта , қай ауданда , қаланың картасынан көрсетуді сұрайды. Балалардың іс-әректі: Агенства менеджері келушілерді жарнамамен таныстырады ,сатып алуға мүмкіндіктері бар сатылымен таныстырады,Сатып алушылар үй мен пәтерлер фотосуретерін қарап ,қайда орналасқанын балабақша,аялдама жақынба екенің қарайды.		Сюжеті-рөлдік ойын:«Химиялық тазалау» Мақсаты: Рөлді сапалы орындаудың ортақ іс-әрекетін қалыптастыру. Керек жағдайда ауыстыру заттарын қолдана білуге. Ойынның қызмет көрсету ортасын көрсете білу , химиялық тазалау бөлімінің жұмыскерлері жайында білімдерін толықтырып.Ойлау қабілетімен сөйлеу тілін дамыту. Жағдаят: Тапсырыс алу;Тапсырысты хаттау;Тапсырысқа төлеу ;Киімді тазалау;Жана тазарту құралдарын табу үшін зерртхананы қолдану;Тапсырысты орындау;Тапсырысты жеткізу. Тәрбиешінің іс-әрекеті: Химиялық тазарту дирекроры ролінде жұмысшыларды басқарады , әдеп ережелерін ескеріп ,келушілер ыңғайын жасайды:олар үшін орындықтар мен үстелдер қояды,үстелге журналдар қояды .жұмысшыларға түстік үзілісті ескертіп ,асханаға тамақтануға шақырады. Балалардың іс-әректі: Клиенттер кір киімдерді әкеледі, қабылдаушыға тапсырып ,ақша төлейді, Квитанцияны алады таза киімдерін алған соң алғыс білдіреді , Қабылдаушы кір киімдерді қабылдап , квитанция жазып кір жуушыға береді, тапсырысты телефон бойынша қабылдап,жүргізушілерді мекен жай бойынша жібереді.Кір жуушы кірді жуады. Лаборант киімдерді қарап дақты тауып,жуу үшін ұнтақты қолданады .Оператор киімдерді алып тазартады тапсырыс берушіге қайтарады. Жеткізу қызметі киімдерді мекен жайларға жеткізеді,жүргізушілер жуылған заттрды бала бақша т.б. жерлерге жеткізеді .	

қарауға кеңес береді. Қызмет көрсету персоналы телефондарды ұсынып, бағасын, нөмірін айтады, телефонды тіркеп, паспортын береді, телефон шотына ақша салуға ұсынады, телефонды қолдануға үйретеді. Клиент телефонды таңдап, шотына ақша салады. Кассир ақшаны қабылдайды. Жөндеушілер телефонды алып, қарастырып, сынығын аңқытап, жөндеп, тапсырыстың орындалу уақытын айтады. 	Агентер жылыжымалы мүлікті тіркейді (үй, пәтер, жеңіл көлік.) Салық инспекторы жылыжымалы мүлікке салықты анықтайды, Нотариус сатып алымды растайды. 	
4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті 		

	Жасайды: жұппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары, тыныс алу жаттығулары мен «түзу қолмен төменнен» асық ату, арқаннан ұстап салбырап тұруды. Түсінеді: «батыр» ұғымы, Қазақстан тарихындағы батыр бабалардың рөлі, нысананың дәлортасына тигізу, жұптағы іс әрекетін үйлестіріп, жүгіру мен белгілеген жерден итеріліп, секіруді үйлестіруді. Қолданады: жүру мен жүгіруде қалыпты арақашықтықты сақтау, бастапқы қалыпқа келу, шеңбер бойымен өз бетімен тапсырмаларды орындау, сапқа тұру, қайта тұру, гимнастикалық қабырғамен әртүрлі тәсілмен өрмелеу дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Тыныс алу жаттығулары Бастапқы қалып – еденге аяқты айқастырып отыру. Арқаны тік ұстап, қолдарын жоғары көтергенде терең тыныс алып, иіліп, алға қарай қолдарын түсіргенде дем шығару. Бастапқы қалып – сол қалып. Қолдарын жоғары созып, терең тыныс алады. Төмен түсіргенде маңдайы мен қолдарын еденге тигізіп, дем шығарады. Түсіну: «Аламан» қимыл-қозғалыс ойыны. Бір-бірден тізбекке тұрып,	немесе топпен әндерді орындайды. Түсінеді: домбыраның, күй үнінің ерекшелігін түсінеді. Қолданады: әуенге лайық қимылдарды жасайды, ойын кезінде қолданады, аспаптарда ойнайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Ән айту: «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев). Елдің жырын жырлаған, Қайғысын да толғаған, Домбырасыз ешқашан Жүрекке ем қонбаған, – Қолдану: Ойындар, хороводтар: «Қос дабыл» (А. Райымқұлова). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балаларды екі түрлі дыбысты ажырата білуге ұмтылдыру. Түсіну: Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.	Түсінеді: «аңшылық» адамның ең көне кәсіптерінің бірі екенін, аңшылыққа арналған құралдар; таза ауадағы қимыл әрекетінің денсаулыққа пайдасы; аяқты саннан 90°-қа көтеру; таяқтарға жақын жүру және рөлдік ойындардың мазмұнын. Қолданады: таяқпен жаттығулар орындау дағдысын, заттардың арасымен жүгіру, сенсомоторлық үйлесімді, көзмөлшерін, қимыл дағдыларын, тепе-теңдікті сақтау, қол менаяқтың қимылдарының үйлестіру дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Негізгі қимылдар айналмалы жаттығуларын жасау. «Ептілікке жаттығамыз!» Ұзын орындықпен жүру (ені – 25 см, биіктігі – 30 см), жүріп келіп орта тұсында айналадағылардан өтіп кету. Тепе-теңдік сақтап ұзын орындықпен жүріп, жаттығулар орындау. Орта тұсында құрсаудан-құрсауға өтіп, модульден айналып, жүгіріп қайтып келеді. Құрсаудан өткендебасы мен аяғын тигізбей жұмыр жиналуға тырысады. Білу: «Мергендер», «Таяқтастау» (нысанаға дәл тигіз). метр қашықтықтан тік нысанаға дорбаларды ату. Бастапқы қалыпқа келу. Кішкентай дорбаларды қолды жоғары алға сермеп лақтырады. Нысананың дәл ортасына тигізуге тырысады. Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындайды.	мәліметтерді біледі, түсінеді. Қолданады: аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Түрлі түсті ленталармен әуенді сезіне ырғақтық қимылдарды бірге, мәнерлеп орындауға үйретуді жалғастыру. Қолдану: Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды. Түсіну: Музыка тыңдау: «Қараторғай» (Ақан сері, өңдеген Б. Ерзакович). Көптеген әндер табиғатпен байланысты, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулер табиғат аясында жүрген құстарды әнге қосқан. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.	жаттығулар орындау. Түсінеді: «аңшылық» адамның ең көне кәсіптерінің бірі – аңшылыққа арналған құралдар; таза ауадағы қимыл әрекетінің денсаулыққа пайдасы; аяқты саннан 90°-қа көтеру; таяқтарға жақын жүру және рөлдік ойындардың мазмұны. Қолданады: таяқпен жаттығулар орындау дағдысы, заттардың арасымен жүгіру, сенсомоторлық үйлесімді, көзмөлшерін, қимыл дағдыларын, тепе-теңдікті сақтау, қол менаяқтың қимылдарының үйлестіру дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Сапта арақашықтықты сақтап, таяқпен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындайды (№2). Екі тізбекке, бір қатарға сап түзеп тұру. Бүкіл жаттығулар кешенін орындап біткенше арқасын түзу ұстауға тырысады. Таяқшалардан жол салып келесі жаттығуларды жасауға дайындалады. Түсіну: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар» Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып
--	---	--	--	---	--

	әр ойыншы алдыңғы ойыншының белінен ұстайды. Бастаушы тізбектің ең басындағы ойыншыға қарап тұрып, оңға, солға ұмтылып, ең соңғы ойыншыны ұстап алуға тырысады. Түсіну: Дүниені позитивті сезінуді қалыптастыру: «Домбыра не деп жырлайды». Балалар, батырлар бейбітшілік орнағанда не істеген деп ойлайсындар? Қалай жаттыққан? Бейбіт заманда батырлар сайыстар өткізіп, аңға шығып, түрлі жаттығулар өткізген. Өзотбасымен уақыт өткізіп, өнерге құлшынған. Өздерінді домбырада ойнап отырған батыр баба деп елестетейік...Балалардың жауабы. Батыр өз отбасы мен Отанын сүйіп, оған қамқорлық етуі керек. Шешен сөйлеп, өз ойын, ұстанымын дәлелдей алатын, мейірімді, дені сау, епті, мықты болуы керек.		Түсіну: «Мерген» Психологиялық күйзелісті тарқату жаттығуларын жасайды. Тістенеді. Қатты қысымды сезініп, қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау. Аузын ашып тұрады. 3–5 сек. Сосын қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау. Басын солға иіп, оң жақ мойын бұлшық еттерін қатайту. Қайта босаңсып, бастапқы қалыпқа келу. Қарнын ішке тартып, бұлшық етті қатайту. 5–10 сек ұстап тұрып, қайта босату. Аяқты жерден аздап қана көтеріп, 5–10 сек ұстап тұрып, қайта түсіріп, босату.		алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады. Білу: Релаксация: «Мерген». Психологиялық күйзелісті тарқату жаттығуларын жасайды. Тістенеді. Қатты қысымды сезініп, қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау. Аузын ашып тұрады. 3–5 сек. Сосын қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау. Басын солға иіп, оң жақ мойын бұлшық еттерін қатайту. Қайта босаңсып, бастапқы қалыпқа келу. Ішті ішке тартып, бұлшық етті қатайту. 5–10 сек ұстап тұрып, қайта босату. Аяқты жерден аздап қана көтеріп, 5–10 сек ұстап тұрып, қайта түсіріп, босату.
4 үзіліс – 11:50 – 12:30 Балалардың дербес іс-әрекеті Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру					



Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Ақшамшық»

Ойын мақсаты: балаларды тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

Әдістемелік нұсқау: Ойыншылар ойын кезінде арасынан бір кісі өтетіндей етіп дөңгелене отырады. Ал жүргізуші ортаға шығып, екі алақанын беттестіре ұстайды. Қалғандарына да солай істеуді тапсырады. Кейін алақандарының арасындағы сақинаны ойыншылардың біріне тастау үшін айнала жүгіріп, бәріне сақина тастаудың белгісін жасайды. Алайда, ол сақинаны білдірмей біреуіне ғана тастайды.

Ойын шарты: Сақина жасырылған адам да оны басқаларға байқатпауға тырысады. Жүргізуші түгел айналып шыққан соң ортаға келіп, «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сонда сақинаны алған ойыншы орнынан атып тұруы керек. Әрбір ойыншы оң жағында отырған көршісін аңдиды. Сондықтан сақинаның онда барын білсе орнынан тұрғызбауға тырысады. Ал сақинаны алған ойыншы білдірмей тұрып кетсе, өзі жаза тартады, ол тұра алмай қалса, айыпкер көпшіліктің ұйғаруымен не өлең айтады, не би билейді, не домбыра тартады. Өнерін көрсетіп, жазасын өтеуі тиіс. Содан кейін ойын қайта жалғасады.

II нұсқасы: «Сақина»

Ойынға қатысушылар шеңбер құрып отырады. Шеңбер ортасына жүргізуші шығады. Оның тас жабылған алақандарының ортасында сақина салынған. Жүргізуші балалардың барлығын аралап, әрқайсысының қолын жабылған алақандарымен ашып, біреуінің қолына сақинаны салып кетеді. Бірақ сол кезде екінші жүргізуші оны қай ойыншыға салғанын байқамау керек. Жалған қимылдарды жасауды жалғастыра отырып, жүргізуші шеңберді толығымен аралап шығады. Содан кейін ортаға тұрып, келесі сөздерді айтады: «1-2-3 Сақина маған ұшып кел!»

Сақинаны ұстаған ойыншы орнынан тез тұрады. Оның көршісі ойыншыны ұстап үлгеруі керек. Үлгермесе жазаланады. Үлгерсе – көршісінің өзі жазаланады. Жазаланған оқушы жүргізушінің немесе ойыншылардың тілегін орындайды.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 11.50 – 12:00	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Мамандық бойынша туралы сурет бойынша өз ойын айытқызу.	Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті 1-ші қатар оқушыларымен 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету. Дидактикалық ойын: «Санамақ баспалдақ» Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау.	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет 2-ші қатар оқушыларымен «Кім болғым келеді?» сурет бойынша әңгіме құрастырту. Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); «Суреттерді құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту.	Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет (Баланың отбасы және қоғам) Әдепті мен әдепсіз туралы әңгімелесу. 3-ші қатар оқушыларымен сурет бойынша өз ойын айытқызу.
Серуенге дайындық	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
«Табиғат аясында»	Ақпан Серуен-Бақылау №3	Ақпан Серуен-Бақылау №4	Ақпан Серуен-Бақылау №5	Ақпан Серуен-Бақылау №6	Ақпан Серуен-Бақылау №7

Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 12.00 – 12:30	Желді бақылау Мақсаты: — өлі табиғат туралы білімдерін байыту; — табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Бақылау барысы Көркем сөз Ұйытқыма жел Ө. Ақыпбекұлы Ұбырып-шұбырып, Ұйтқиды құбылып. Ұлпадай ақ қарды, Ұршықтай үйіріп. Ұлиды қасқырдай, Ұйтқып көз аштырмай. Екпіндей соғады, Алдыға бастырмай. Баларға сұрақтар ♦ Бүгін ауа райы қандай? <i>(суық, желді, аязды)</i> ♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? <i>(боран, үскірік)</i> ♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауға болады? <i>(компаспен, зырылдауықпен)</i> ♦ Жел қалай пайда болады? ♦ Тәрбиеші түсіндіреді: Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады. Еңбек Сырғанақ төбешік соғу Мақсаты: бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын «ең мерген кім?».	Күн мен түн неге ауысады? Мақсаты: Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні, жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күннің ұзаруын туралы түсінік беру. Бақылау барысы Балаларға жұмбақ жасыру 1. Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн) 2. Жартысы жадыратып нұр себеді, Жартысы қара мақпал бүркенеді. (түн) 3. Орақ болып туады, Табақ болып тынады (ай) 4. Күндіз білінбейді, Түнде дірілдейді (жұлдыз) Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады. Жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күн мен түннің ұзақтығы да ауысып отырады. Күн жылыған сайын түн қысқарып, күндізгі уақыт ұзарады. Балаларға сұрақтар. ♦ Жұлдыздар түнде қайда кетеді? <i>(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)</i> ♦ Күн неге батады? <i>(жер күнді айналады, сонықтан да</i>	«Қардағы құс іздері» Мақсаты: қардағы құс іздерін тани білуге үйрету . Бақылау барысы Балаларға сұрақтар ♦ Из дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі) Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну.. ♦ Қалай ойлайсыңдар, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба? ♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың астындағы қар ұшқындары сынады) Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі.. ♦ Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? <i>(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)</i> Зерттеу жұмысы Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу. Еңбек Қардан қала тұрғызуға қар жинау. Мақсаты: — Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру; — Жұмысты жоспарлау. Қимылды ойын «Ізбе із». Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із	Жеңіл көліктерді бақылау Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту. Бақылау барысы Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев Бұзба көше тәртібін, Ұрынасың апатқа. Қызықты өтсін әр күнің, Жақын болма шатаққа. Көшеден өтер кезінде, Абайлап қара жан-жаққа, Келе жатқан көлікке, Жол бер, өтсін, асықпа! Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: ♦ Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер? ♦ Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? <i>(жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер)</i> ♦ Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? <i>(ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды)</i> ♦ Көліктердің қандай пайдасы бар? <i>(адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарды)</i> ♦ Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? <i>(таңертең дыбыстан,</i>	Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты:: — Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру; — Қыс аяғындағы табиғат көрністерін (су тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу. — Өлең жолдарындағы қыс көрністері туралы бейнелеуді таба білу туралы білімдерін бекіту. Бақылау барысы Оңтүстіктен жел соқты. Ол өзімен жылылық ала келді. Түс кезінде төбелерден су тамшылары көрінді. Көктемнің жақын қалғаны табиғатта біліне бастады. Ақпан қыстың соңғы айы. Ақпан айында күн ұзара бастайды. Күннің шуағы молаяды. Үй шатырларынан мұз сүңгілер пайда болады. Ақпанда жылылық сезіледі. Күрткі қарлар аласара бастайды. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: *Жиегіне шатырдың, Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі) Балаларға сұрақтар *Қыста неше ай бар? *Қыс айларын ата? *Қыстың ең соңғы айы қай ай? *Ақпан айында табиғатта қандай өзгерістер болады? *Мұз сүңгілері қайдан пайда болады? Зерттеу жұмысы Ыдыстарға қар толтырып,
---	--	--	--	--	---

	Мақсаты: — Заттарды лақтыруға жаттықтыру; — Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту. — «Ағаш суретін сал». Мақсаты: қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту. Жеке жұмыс: «Затты тап». Мақсаты: — Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу.	<i>шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)</i> Зерттеу жұмысы: Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады. Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа). Еңбек : Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару. <i>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.</i> Қимылды ойын: «Күн мен түн». Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет етуге, ойын шартын дұрыс орындауға дағдыландыру. Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту «Шығырыққа лақтыру». Мақсаты: мергендіктерін дамыту. Мақал-мәтел: Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.	үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу. Жаттығу ойындары Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру.. Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту. Халық болжамы: *Қар көп болса, нан мол болады. *Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады. *Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. *Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.	<i>ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады)</i> ◆ Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? (<i>Жүк машиналары</i>) ◆ Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен? ◆ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек? Еңбек Ауланы бірлесе отырып тазалау. <i>Мақсаты :</i> — бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу; — жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету. Қимылды ойын «Бағдаршам». Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету. Жаттығу ойындары Ұзындыққа секіру . Мақсаты: — Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету.	біреуін көлеңкеге, біреуін күннің астына қою. Серуен аяғында қай ыдыстағы қар төмен түскенін салыстыру Еңбек Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу Мақсаты: достық қарым-қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Төбешіктен-төбешікке». Мақсаты: ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру Жаттығу ойындары «Кім жылдам». Мақсаты: Жылдам жүкіруге жаттықтыру; Орнында тұрып ұзындыққа секіру техникасын меңгерту. Халық болжамы: Мүзсүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40					

«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.
---	---	---	--	--	--

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: